

## Жиһаз өнеркәсібінің 2022 жылғы қорытындылары

Жиһаз өнімі **өндірісінің көлемі** 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда кеңселер мен сауда кәсіпорындарына арналған жиһаз өндірісінің 9,7 млрд теңгеге дейін 38%, орындықтар мен отыруға арналған басқа да жиһаз **өндірісінің** 10,7 млрд теңгеге дейін 3% **өсуі** нәтижесінде **64,7 млрд теңгені** құрады (2021 ж. 12 аймен салыстырғанда +8,4%).

Өсу енгізілген коммерциялық объектілерді (өнеркәсіптік және сауда объектілері, қонақ үй және ресторандық объектілер, кеңселер) 1 760 бірлікке дейін 13% ұлғайту есебінен, сондай-ақ, *экспорттық жеткізулерді* РФ-ға 67%, Қырғызстанға 38% *арттыру* нәтижесінде қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, пайдалануға берілген жеке үйлердің 6,5 млн ш.м. дейін (2021 ж. салыстырғанда -7,4%), көп пәтерлі үйлердің 8,8 млн ш.м. дейін (2021 ж. салыстырғанда - 8,5% төмендеуі нәтижесінде ас үйге арналған жиһаз өндірісінің 3,8 млрд теңгеге дейін 23% және басқа да жиһаздың 15,1 млрд теңгеге дейін 10% **төмендегені** байқалады.

Жиһаз өнімін тұтынудың ішкі нарығы 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан қорытындысы бойынша **515,2 млн АҚШ долл.** (237,4 млрд теңге) құрады, онда отандық өндіріс үлесі **25,2%** құрайды.

Қарастырылған кезеңде өндірістің өңірлік құрылымында елеулі өзгерістер байқалмайды. Саланың өндірістік қуаты Алматы қ. (өндіріс көлемінің 27% немесе барлық жұмыс істейтін кәсіпорындардың 31%) және Алматы облысының (өндіріс көлемінің 8% немесе барлық жұмыс істейтін кәсіпорындардың 4%) шегінде шоғырланған.

Жиһаз өнеркәсібі өнімі **экспортының көлемі** 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда **10,5 млн АҚШ долл.** құрады (2021 ж 12 аймен салыстырғанда +30%).

Төмендегі тауарлар экспорттың негізгі баптары болды: металл жиһаз (3,5 млн АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (1,7 млн АҚШ долл.), мекемелерде қолданылатын металл жиһаз (0,8 млн АҚШ долл.), биіктігі реттелетін, айналмалы отыруға арналған жиһаз (0,8 млн АҚШ долл.), ағаш жиһаз (0,7 млн АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімі экспортының негізгі көлемі Ресейге (33,1%), Қырғызстанға (25,8%), Өзбекстанға (19,7%) және т.б. жіберілді.

Жиһаз өнеркәсібінің **негізгі капиталына инвестиция көлемі** 2022 жылғы 12 айда 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 75% өсіп және составив **4,4 млрд теңгені** құрап, өсуді көрсетті. 2022 жылғы маусымда «Mega Smart B2B» ЖШС (*Шымкент қ.*) және «Sem-brand» ЖШС (*Түркістан облысы*) жиһаз өндірісі бойынша жобалар енгізілгендігін атап өткен жөн.

2025 ж. дейін тұрғын үйді пайдалануға берудің жоспарланған көлемін (68 млн. ш. м) қамтамасыз ету жиһаз өнімі өндірісінің өсуін ынталандырушы бола алады, сондай-ақ, барлық мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін кеңсе жиһазын сатып алуға мораторий мерзімі 2023 ж. шілдеде аяқталады.